



Автор: Дуйсенова Куанышкул Кадиршиновна

Пән: Қазақ әдебиеті

Сынып: 8-сынып

Бөлім: Махаббат және абырой

Тақырып: М.Дулатұлы "Бақытсыз Жамал" романы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.1.3. 1 - көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктеу;
Сабақтың мақсаты:	Көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктей алады.
Тілдік мақсаттар:	Адамгершілік, мейірімділік
Күтілетін нәтиже:	Барлығы: Шығарма кейіпкерлеріне баға бере алады Көбі: Кейіпкерлерге мінездеме бере алады Кейбірі: Тура және жанама мінездеулерді ажырата алады
Бағалау критерийлері:	☐ Кейіпкерлерге қатысты өзіндік көзқарас білдіреді ☐ Жанама мен тура мінездеулерді ажыратады ☐ Кейіпкерге мінездеме бере алады.
Құндылықтарды дарыту:	☐ «Мәңгілік ел» жалпықоғамдық құндылығы: ☐ Тіл мен мәдениет Жалпы адамзат құндылығы: ☐ Өзіне және айналадағы адамдарға құрмет; ☐ Ынтымақтастық; ☐ Жауапты азаматтық позиция; ☐ Отбасы мүшелеріне, құндылықтарға деген құрмет; Өмір бойы білім алу. Аталған құндылықтар сабақ тақырыбы арқылы оқушылардың топтаса және жеке отырып жұмыс жасаулары, сын тұрғысынан ойлай білу, ақпаратты өңдей білу, өзіндік көзқарасын дәлелдей алу дағдылары негізінде жүзеге асады.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/11-synyp/lesson/mirzhaqyp-dulatov-baqytsyz-zhamal-romany https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/11-synyp/lesson/mirzhaqyp-dulatov-baqytsyz-zhamal-romany https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/11-synyp/lesson/mirzhaqyp-dulatov-baqytsyz-zhamal-romany https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/11-synyp/lesson/mirzhaqyp-dulatov-baqytsyz-zhamal-romany
Пәнаралық байланыс:	География, ағылшын, орыс тілі пәндерінен алған білімдерін еркін қолданады.
Бастапқы білім:	М.Дулатұлы «Бақытсыз Жамал» романынан үзінділер оқу.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Қызығушылықты ояту Психологиялық ахуал орнату. 1. Сәрсенбайға молда қай кезде ескерту жасады? 2. Қалампыр Байжанмен құда болуға неліктен көне кетті? 3. Романдағы қысқа мерзімде ғана көрінетін жағымсыз жандар кімдер? 4. Сүйгеніне қосылған жандар бақытты болуға тиісті емес пе еді? 5. Жамал Жұманға неге тиді? деген сұрақтарға жауап береді. Топқа бөлу. Стиер бойынша топқа бөлу. Яғни 4 түсте берілетін стикерде 1,2,3,4 сандары жазылады. Оқушылар стикерді таңдайды және сондағы берілген сандар бойынша 4 топқа бөлінеді.	https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/11-synyp/lesson/mirzhaqyp-dulatov-baqytsyz-zhamal-romany

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (25)	Роман кейіпкерлеріне талдау: 1-топ - Романдағы Жамал Бейнесі? 2-топ: Ғали бейнесі? 3-топ: Жұман бейнесі? 4-топ: Ескі психология адамдары? Дәптерге жазған мінездемелерін оқиды. 1-тапсырма. Шығармашылық жұмыс. (10 минуттық ой толғау) «...әйел басындағы сасық тұман айықпай, халыққа адамшылықтың бақытты күні күліп қарамайды. Ал қазақ мешел болып қалам демесең, тағылымыңды, бесігіңді түзе! Оны түзейін десең, әйелдің халін түзе». М.Әуезовтің сөзін оқып, осы ойды орайластырып, шағын ой толғау. (Жазғандарын «Автор орындығы» әдісі бойынша ортаға шығып оқиды.) Бағалау критерийі Дескриптор Көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктейді Кейіпкерлерге мінездеме бере алады Шығармадағы кейіпкерлерді жіктей алады Кейіпкерге хат жаза алады Қалыптастырушы бағалау 2 - тапсырма Берілген кейіпкерлерді өзінің мінезіне сәйкестендіріңіз: Жамал Білімді,мәдениетті,жаңаша киінген,сыпайы ҒалиЖамалдың әкесі, ескі психология адамы Сәрсенбай Бай баласы, топас, нашар. Жұман Ақылына көркі сай, Сәрсенбайдың қызы. Бағалау критерийі Дескриптор Көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктейді Кейіпкерлер мінезін сәйкестендіре алады Кейіпкерлерге мінездеме бере алады	https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/11-synyp/lesson/mirzhaqyp-dulatov-baqytsyz-zhamal-romany
Сабақтың соңы (7)	Кері байланыс. «Менің сабақтан кейінгі әсерім» әдісі. Әр оқушыға төмендегідей кесте таратылады. Оқушылар өз ойларын жазады. Сабақтан қандай пайда алдым? Не сезіндім? Үйге тапсырма беру.Өзіңізге ұнаған кейіпкерге қоятын сауалдарыңыз немесе айтар тілектеріңіз болса «Кейіпкерге хат» жазып келу.	https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/11-synyp/lesson/mirzhaqyp-dulatov-baqytsyz-zhamal-romany
Рефлексия (3)	Сабақ мақсатына сай жүзеге асырылды. "Менің сабақтан кейінгі әсерім" әдісі, АКТ-ны пайдалану орынды пайдаланылды.	
М.Дулатұлы "Бақытсыз Жамал" романы (2)	Бұл сабақта оқушылар романдағы кейіпкерлер арқылы идеясын аша білді.	